



# **10 ДӘРІС. ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР**

**Дәріскер: э.ғ.к., профессор м.а. Даулиева Ғалия Рахметовна**



10.1. Ұлттық экономика: анықтамасы, мақсаттары, құралдары, талдау ерекшеліктері;

10.2. Ұлттық экономика деңгейіндегі табыстар мен шығындардың шеңберлі айналымы;


10.3. Ұлттық шоттар жүйесіндегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер және оларды есептеу әдістері;

10.4. Номиналды және нақты жалпы ішкі өнім. Бағалар индексі.



Макроэкономикада зерттелетін негізгі мәселелер:

- ұлттық өнім және ұлттық табыстың мөлшері мен құрылымын анықтау;
- жұмыссыздық және жұмыспен қамтудың мәселелері;
- инфляция мен инфляция қарсы саясат;
- экономикалық өсудің түсінігімен факторларын зерттеу;
- экономикалық дамудың циклдары;
- ұлттық экономиканың сыртқы экономикалармен өзара әсерлерін зерттеу;
- мемлекеттің макроэкономикалық саясатының мәселелері.





# Ұлттық есептер жүйесі (Ұ.Е.Ж.)

Ұ.Е.Ж. халықаралық стандарт;

БҰҰ статистикалық комиссиясы жасаған стандарттық жүйесі

Ұдайы өндірістің шарттарын, үрдісін және нәтижелерін сипаттайтын өзара байланысты макроэкономикалық көрсеткіштер жүйесі;

мемлекеттің негізгі экономикалық көрсеткіштерін бағалау және әрбір елдердің экономикасын өзара салыстыру



Макроэкономикалық көрсеткіштер: жалпы ұлттық өнім (Ж.Ұ.Ө.), жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), таза ұлттық өнім (ТҰӨ), ұлттық табыс (ҰТ) және жеке табыс (ЖТ), қолда бар табыс (ҚТ)

**Жалпы ұлттық өнім ЖҰӨ** – белгілі уақыт кезеңінде ұлттық өндірістік факторлармен өндірілген барлық игіліктер мен қызметтердің нарықтық құны.

ЖҰӨ – бұл ұлттық тауарлар мен қызметтердің бір жылдық нарықтық құны.

ЖҰӨ: номиналды және нақты.

ЖҰӨ ағымдағы нарықтық бағада есептелгенде, бұл оның номиналды түрін сипаттайды.

нақты ЖҰӨ номиналды ЖҰӨ-ді инфляция ықпалынан арылту арқылы, яғни баға индекcін қолдану арқылы анықталады.



Номиналды жалпы ұлттық өнімнің нақты жалпы ұлттық өнімге қатынасын жалпы ұлттық өкілінің **дефляторы** деп атайды.

$$\text{ЖҰӨ дефляторы} = \frac{\text{номиналды ЖҰӨ}}{\text{нақты ЖҰӨ}}$$

Номиналды мен нақты ЖҰӨ арасында айырмашылық бар, тауар бағасының өсуі инфляцияға әкеп соғады. Инфляция мөлшері берілген уақыттағы баға деңгейі өсуінің проценттік мөлшері болып табылады. Экономиканың өсу мөлшері нақты ЖҰӨ-нің өсуінің мөлшері болып табылады. ЖҰӨ-нің өсу себептері:

- экономикадағы ресурстар санының өзгеруіне қатысты;
- өнім факторының өзгеруінің нәтижелігі;
- өнімді өсіруге ыңғайлы ете отырып жұмысты өзгерту.



Тауар мен қызмет көрсетудегі орташа баға пайызының өзгеруін **баға индексі** дейміз. Индекті белгілеуді бастаған жылды **базистік жыл** дейміз. Базистік жылдық баға индексі ылғи да 100-ге тең болады.

Жалпы ұлттық өнім ЖҰӨ дефляторымен қатар тұтыну бағаларының индексі есептеледі, яғни тұтыну қоржынына кіретін тауарлар мен қызметтер бағаларының өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш анықталады:

$$\text{Тұтыну бағалараның индексі} = \frac{P_a \times Q_k}{P_b \times Q_k}$$

Мұнда  $P_a$   $P_b$  – ағымдағы және базистік жылдың бағалары.

$Q_k$  – тұтыну қоржынына кіретін тауарлардың саны.

Жалпы ұлттық өнім ЖҰӨ дефляторы мен тұтыну тауарлар бағасының индексі арасындағы айырмашылық:

- ЖҰӨ дефляторына мемлекетте өндірілген барлық тауарлардың бағалары кіреді.
- ЖҰӨ дефляторына осы елдің капиталы арқылы өндірілген өнімнің көлемі кіреді.
- Тұтыну баға индексінің есебіне тек қана тауарлар мен қызметтердің белгіленген (шектелген) көлемі кіреді.





Халықаралық статистикада жалпы ұлттық өнімді өлшеудің негізінен екі тәсілі қолданылады. Екі тәсіл де бірдей болып бағаланады.

*1. Шығындар бойынша ЖҰӨ өлшегенде шығындардың келесі түрлері қосылады:*

- *жеке тұтыну шығындарына* халықтың ағымды тұтыну үшін тауарлар сатып алуға, ұзақ мерзімде пайдаланатын тауарлар сатып алуға, қызметтер үшін төлем жасауға жұмсалатын ақша құралдары жатады;
- кәсіпкерлердің машиналар мен жабдықтар сатып алудан тұратын және құрылыстар мен айналым қорларының өзгертуге жұмсалатын барлық шығындардан тұратын жалпы *инвестициялар*. Инвестицияға тек ғана физикалық инвестицияны қоспай, оған адамзат капиталындағы инвестицияны да есептейді. Капиталдың бір бөлігі моралды және физикалық тозу нәтижесінде кетеді. Соның нәтижесінде, *жалпы инвестициялар* дегеніміз амортизациялар мен таза инвестициялардың қосындысы.
- тауарлар мен қызметтерді *мемлекеттің сатып алуы*, бұл шығындарға жатпайтын мемлекеттің бюджеттік шығындарының түрі трансферттік төлемдер, себебі олар тауарлар мен қызмет көрсету қозғалысымен байланысты емес.
- *таза экспорт* – шетелдіктердің осы елдің тауарларын сатып алуға жұмсаған шығындарының көлемі мен осы елдің шетел тауарларын сатып алуға жұмсаған шығындарының көлемінің айырмашылығы.

$$\text{ЖҰӨ} = \text{C} + \text{G} + \text{I} + \text{X};$$

Мұндағы: C – жеке тұтыну шығындары; G – мемлекеттің сатып алуы, I – жалпы инвестициялар, X – таза экспорт.



2. Табыстар бойынша есептеу шаруашылық іс-әрекеттер субъектілерінің табыстарын бөлу және табыстар төлемімен байланыссыз бөлінетін қаржылардың құрылу тәртіптерін сипаттайды:

$$\text{ЖҰӨ} = W + R + I + P;$$

Мұнда: W- жалдамалы жұмысшының жалақысы, R – ренталық төлемдер, I – жинақ капиталының пайызы (%), P- фирма мен корпорацияның пайдасы.

ЖҰӨ-ді есептеу тағы бір әдісі – қосымша құнға негізделген әдіс өндірістің әр сатысында қосылған шығындарды алудан сауда көлемін ескереді. Бұл әдістің ерекшелігі - өндіріс көлемін өлшеген кезде қос есепті болдырмау керек.

ЖҰӨ өлшемінің негізгі проблемалары:

- кейбір өнім нарықта сатылмағандықтан, дұрыс өлшембйеді. Бұған мемлекет қызметі, ерікті еңбек және өз пайдасы үшін істелген қызмет кіреді;
- тауар сапасын жақсартуды дұрыс есептеу қиынға соғады, кейбір операциялар
- нақты ЖҰӨ-ге қосалқы түрде өлшенеді.

**Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)** – белгілі бір мерзімде ел шеңберінде өндірілген барлық тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны. Ұлттық иелігіне қарамастан, осы елдің территориясындағы барлық экономикалық субъектілер қызметтерінің нәтижесі жатады.

$\text{ЖІӨ} = \text{ЖҰӨ}$  -сыртқы экономика операция бойынша сальдо



Егер де мемлекеттің жалпы ішкі өнімі жалпы ұлттық өнімнен артық болса ( $ЖІӨ > ЖҰӨ$ ), онда осы елдің шеңберінде қызмет атқаратын шетел капиталының жергілікті капиталдан артық болғаны.

**Таза ұлттық өнім**  $TҰӨ$  бұл қолдануға шығарылған жабдықтардың орны толтырылғаннан кейін тұтыну үшін қалған  $TҰӨ = ЖҰӨ - A$  меттердің сомасы. Келесі формула бойынша есептеледі:

Мұнда  $A$  – амортизациялық жарнаның сомасы.

$TҰӨ$ -нің бік компоненті бизнеске сал  $ҰТ = TҰӨ - ж.с.$  тар экономикалық ресурстардың ағымдағы үлесін көрсетпеді, сондықтан жанама салықтың көлемі **ұлттық табысты**  $ҰТ$  есептегенде  $TҰӨ$ -нің ақшалай көлемінен алынады.

Мұнда: ж.с. – жанама салықтар.

**Жеке табыс**  $ЖТ$  халықтың жеке тұтынуына түсетін ақшаның санын және осы жағдайдың  $ҰТ$ -тың қозғалысында орын алатын қайта бөлу процестерін көрсетеді.  $ЖТ = ҰТ - С + T$  егенде  $ҰТ$ -тан корпорациялардың пайдасына салынатын бөлінбей қалған пайдасы, әлеуметтік сақтандыру жарналарының көлемі алынып тасталады, трансферттік төлемдер қосылады.

мұнда:  $C$  - корпорациялардың пайдасына салынатын салықтар, бөлінбей қалған пайдасы, әлеуметтік сақтандыру жарналарының көлемі;


$T$  - трансферттік төлемдер



**Қолдағы табыс** адамдардың жұмсай алатын табыстарын сипаттау үшін қолданылады, осыны есептеу үшін жеке табыстан халық төлейтін салықтық және салықтық емес төлемдердің жалпы көлемі шегеріледі.

Макроэкономикалық тепе-теңдік - жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың тепе-теңдік көрінісі. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың сызықтарының қиылысуының мағынасы – бұл баға дәрежесінің теңдігі мен ұлттық өндірістің тепе - теңдігі.

10.1. график. Макроэкономикалық тепе-теңдік.



Егер  $AD > AS$ , бұл жағдайда 2 ұйғарымға тоқтауға болады:

- Өндіріс көлемін өзгертпей, өндіріс көлемін көтеруге болады;
- Өндіріс көлемін кеңейту, сонда ұлттық табыс өседі.


Егер  $AD < AS$ , бұл жағдайда:

- Өндірісті қысқарту қажет болады;
- Өндіріс көлемін өзгертпей, бірақ бағаны төмендетуге болады, сонда ұлттық табыс азаяды.

Мұнда,  $P$  - бағаның жалпы дәрежесі,  $Q$  - тауардың жалпы көлемі,  $P_e$  - баға дәрежесінің тепе-теңдігі,  $Q_e$  - өндіріс көлемінің тепе-теңдігі.



**Жиынтық сұраныс (АД)** – бұл қоғамдағы үй шаруашылықтарының, кәсіпорындардың және үкіметтің берілген баға деңгейінде жалпы өндірілген тауарлар мен қызметтерді сатып алу қажеттілігінің көрінісі. Ұлттық есептер жүйесі бойынша тауарлар мен көрсетілген қызметтерге сұраныс төрт жақтан қойылады: тұтыну, инвестициялар, мемлекет, таза экспорт. Экономиканың жабық және ашық түрлеріне болатынын ескерген жоқ. Жабық экономикада сыртқы экономикалық қызметті қарастырмайды және тек ішкі мүмкіншіліктерге есептеледі. Жиынтық сұраныс тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы санына мемлекет резиденттерінің жағынан түскен сұраныс ретінде анықталады. Графикалық түрде жиынтық сұраныс қисығының еңісі кері тәуелділікті болады. Экономикада ақшаның құнсыздануы басталса бағаның артқан кезінде өнімге деген сұраныс азаяды.



Жиынтық сұранысқа бағалы және бағасыз факторлар әсерін тигізеді. Бағалы факторлардың әсері жиынтық сұраныс көлемінің өзгеруіне әкеледі және сызықтың өз бойымен жылжиды. Бағасыз факторлардың әсері жиынтық сұраныс қисығының оңға ( $AD_2$  - өсуі) немесе солға ( $AD$  - азаюы) жылжуына әкеледі.



## Жиынтық сұранысқа (АД) әсерін тигізетін факторлар

### Бағалы

Байлық эффектісі (Пигу эффектісі) - бағаның жалпы дәрежесі өскенде (азайғанда) жиналған қаржылық активтердің нақты құны төмендейді (өседі). Сондықтан жиынтық сұраныс (АД) азаяды (өседі).

Пайыз мөлшерлі жалақысы эффектісі (Кейнс эффектісі) – бағалар өскенде ақшаға сұраныс өседі және пайыз мөлшерлі жалақысы да өседі, сондықтан жиынтық сұраныс (АД) қысқарады.

### Бағалық емес

Тұтыну шығындарының өзгеруі:

- Тұтынушылардың табыс деңгейі.
- Тұтынушылардың күтуі
- Тұтынушылардың қарызы.
- Салықтар.

Инвестициялық шығындардың өзгеруі:

- Пайыз мөлшері жалақысы.
- Инвестициядан пайда күту
- Кәсіпорындар салықтары.
- Өндірістің күш - қуатының артуы.





Айырбас курсының эффектісі (Манделл - Флеминга эффектісі)- бағалар төмендегенде, ақша сұранысы азаяды, % мөлшерлі жалақы төмендейді, ұлттық валютаның нақты айырбас курсы төмендейді, таза экспорт өседі және жиынтық сұраныс (АД) өседі.

Мемлекет шығындарының өзгеруі

Экспорт пен импорттық шығындардың өзгеруі

**Жиынтық ұсыныс (AS)** – бұл бағаның әрбір мүмкін болатын деңгейінде ұсынылатын жалпы тауарлар мен қызметтердің көлемі.


Жиынтық ұсынысқа бағалық емес факторлар әсерін тигізеді:

- Өндіріс ресурстары бағаларының деңгейі.
- Нарықтық құрырылымы.
- Өнімділік.
- Құқық заңдылық нормалардың өзгеруі.

Жиынтық сұраныстың ұлғаю нәтижелері жиынтық ұсыныс қисығының әр бөлігіндегі өзгерістерге байланысты болады.



10.2 график. Жиынтық ұсыныстың кисығы.



Жиынтық сұраныстың өсуі классикалық сызықта өндіріс көлемі тұрақты бірақ бағаның өсуіне әкеледі.

Жиынтық ұсынысқа мерзім аралықтары әсерін тигізеді:

Қысқа мерзімде – AS – көлденең сызық,


Ұзақ мерзімде – AS – тік сызық.

1 – кейнсиандық сызық қысқа мерзім.


2 – аралық мерзім.

3 – классикалық сызық, ұзақ мерзім.


10.3 график. АД-ның классикалық сызықта өзгеруі.








10.4 график. Кейнсиандық сызықтағы AD өзгеруі.



10.5 график. Аралық сызықтағы AD өзгеруі.

Валовой внутренний продукт методом производства (трлн тг)



Расчёты FinReview на основе данных Комитета по статистике МНЭ РК

**Валовой внутренний продукт по видам экономической деятельности. Январь–сентябрь (млрд тг)**

	2019	2018
<b>ВВП</b>	<b>44 297,9</b>	<b>39 767,1</b>
Горнодобывающая промышленность и разработка карьеров	6 945,0	6 337,5
Оптовая и розничная торговля; ремонт автомобилей и мотоциклов	6 888,6	6 075,6
Обрабатывающая промышленность	5 164,5	4 698,8
Транспорт и складирование	3 414,2	3 056,9
Операции с недвижимым имуществом	3 009,9	2 777,8
Строительство	2 466,7	2 122,5
Сельское, лесное и рыбное хозяйство	1 897,2	1 659,0
Профессиональная, научная и техническая деятельность	1 747,5	1 599,4
Образование	1 440,9	1 332,1
Финансовая и страховая деятельность	1 414,4	1 435,4
Деятельность в области административного и вспомогательного обслуживания	976,9	859,4
Здравоохранение и социальные услуги	857,4	780,1
Государственное управление и оборона; обязательное социальное обеспечение	809,2	661,6
Информация и связь	718,1	661,8
Электроснабжение, подача газа, пара и воздушное кондиционирование	708,2	691,8
Услуги по проживанию и питанию	371,5	335,4
Искусство, развлечения и отдых	320,5	281,0
Водоснабжение; канализационная система, контроль над сбором и распределением отходов	120,0	110,4
Деятельность домашних хозяйств, нанимающих домашнюю прислугу и производящих товары и услуги для собственного потребления	34,8	32,6
Предоставление прочих видов услуг	1 421,6	1 252,9
Налоги на продукты и импорт	3 570,9	3 005,3
<b>Расчёты FinReview на основе данных Комитета по статистике МНЭ РК</b>		

*Назарларыңызға рахмет!*